

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 мамыр N 525

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

Жарлығы

Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы

"Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және өзінің тарихи отанына оралуға тілек білдірген оралмандар отбасыларының қоныс аударуын және жайласуын ұйымдастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы 2655 отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілгендерді қабылдауды, жайластыруды және орналастырылған жерлерде олардың бейімделуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде қоныстандыруды жүзеге асырсын;

2) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің

2002 жылғы "___" _____

N ____ Ж а р л ы ғ ы н а

қосымша

Оралмандардың 2002 жылға арналған көшіп келу квотасы
(отбасы)

Облыстардың, қалалардың атаулары	!Иран !Ислам !Респуб. !ликасы	!Пәкістан !Ислам !Респуб. !ликасы	!Ауған. !стан ! !	!Қытай !Халық !Респуб. !ликасы	!Монғолия ! ! !	!Түрік !Респуб. !ликасы	!Ресей !Федера. !циясы
А қ м о л а	-	-	-	-	-	-	2 0
А қ т ө б е	-	-	-	-	-	-	5
А л м а т ы	-	-	-	1 5	2 0	1 0	-
А т ы р а у	-	-	-	-	-	-	-
Шығыс Қазақстан	-	-	-	2 5	-	-	-
Ж а м б ы л	-	-	-	-	-	-	-
Батыс Қазақстан	-	-	-	-	-	-	7 0
Қарағанды	-	-	-	-	-	-	-
Қызылорда	-	-	-	-	-	-	-
Қостанай	-	-	-	-	-	-	5 0
Маңғыстау	2 0	-	-	-	-	-	-
Павлодар	-	-	-	-	-	-	4 5
Солтүстік Қазақстан	-	-	-	-	-	-	4 0
Оңтүстік Қазақстан	-	1 0	3 0	-	-	5	-
Астана қаласы	-	-	-	-	5	-	1 0
Алматы қаласы	-	-	-	5	5	5	5
Жиыны	2 0	1 0	3 0	4 5	3 0	2 0	2 4 5

таблицаның жалғасы:

Облыстардың, қалалардың атаулары	!Түркіменстан !Республикасы	!Өзбекстан !Республикасы	!Қырғыз !Республикасы	!Тәжікстан !Республикасы	Барлығы
А қ м о л а	-	3 0 0			3 2 0
А қ т ө б е	1 5	1 0 0			1 2 0
А л м а т ы	-	3 5			8 0
А т ы р а у	-	4 0			4 0
Шығыс Қазақстан	-	5			3 0
Ж а м б ы л	-	1 0 0			1 0 0
Батыс Қазақстан	-	2 0			9 0
Қарағанды	-	3 0 0			3 0 0
Қызылорда	-	5 0			5 0

Қостанай	-	3 0 0			3 5 0
Маңғыстау	4 0	1 2 7			1 8 7
Павлодар	-	2 5 5			3 0 0
Солтүстік Қазақстан	-	3 0 0			3 4 0
Оңтүстік Қазақстан	-	2 0 0		5	2 5 0
Астана қаласы	5	2 5	5		5 0
Алматы қаласы	3	2 0	5		4 8
Жиыны	6 3	2 1 7 7	1 0	5	2 6 5 5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК